

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 24 желтоқсандағы N 197аф Қаулысы "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 257-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. N 3 кен басқармасының N 14 кенішінің (Глубинное, Шат, Ағаш және Көксор кен орындары) бетін шұрайландыру - жұмыстарды бастау.";

7-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) N 3 кен басқармасының N 14 кенішінің (Глубинное, Шат, Ағаш және Көксор кен орындары) өндірістік алаңдарының бетін шұрайландыру - жұмыстарды бастау: баланстан тысқары үйінділерді және N 6 карьердің өндірістік алаңын шұрайландыру жөніндегі бірінші кезектегі жұмыстар кешені орындалды.";

2) көрсетілген қаулыға 260-қосымшада :

5-тармақтың 2) тармақшасы "бұрынғы Ертіс химия-металлургия зауытының радиоактивті қалдықтарын көму пунктін қоршаған орта мен халық үшін радиациялық қауіпсіз жағдайға келтіру жөніндегі залалсыздандыру және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу;" деген сөздермен толықтырылсын;

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағанындағы 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Иондаушы сәулелену және белсенділігі жоғары радиоактивті қалдықтардың ампулдық көздерін радиациялық зерттеу, түсіру және "Байкал-1" зерттеу реакторлары кешенінде сақтауға орналастыру және бұрынғы Ертіс химия-металлургия зауытының алаңындағы (85000 ш.м.) радиоактивті қалдықтарды көму пунктін радиациялық қауіпсіз жағдайға келтіру жөніндегі залалсыздандыру және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу (148245 мың теңге).";

7 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасының аумағында радиациялық жағдайды зерделеу: өңірлік зерттеулер бойынша Павлодар (аяқтау), Қарағанды (бастау), Алматы, Жамбыл,

Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының аумағы бойынша 400000 ш.км. алаңда 1:1000000 масштабпен радиогидролитохимиялық түсіру орындалатын болады; орта масштабты зерттеулер бойынша радиациялық факторлар сомасы бойынша радиациялық шиеленістілікті бағалау үшін Шығыс Қазақстанда 2 үлгілік учаске жан-жақты зерделенетін болады; егжей-тегжейлі зерттеулер бойынша радиоактивті қалдықтары бар 20 тау-кен өндіру объектісі және радиоактивті ластанған 10 учаске, Қазақстанның алты облысы бойынша 1:1000000 масштабпен топырақ пен судың радиациялық-химиялық ластану карталары, барлығы 120 карта; санамаланған карталар мен паспорттар қоса берілген ақпараттық есеп алдын-ала зерттелетін болады;";

2) т а р м а қ ш а д а :

"Ертіс химия-металлургия зауытынан иондаушы сәулелеу ампулдық көздерін зерттеу, түсіру және "Байкал-1" ЗРК-не қоймасына сақтауға орналастыру" шағын бағдарламасы бойынша" деген сөздер "иондаушы сәулеленудің ампулдық көздерін және белсенділігі жоғары радиоактивті қалдықтарды зерттеу, түсіру және "Байкал-1" ЗРК қоймасына сақтауға орналастыру және бұрынғы Ертіс химия-металлургия зауытының алаңындағы (85000 ш.м.) радиоактивті қалдықтарды көму пунктiнiң аумағын радиациялық қауiпсiз жағдайға келтiру" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Ертіс химия-металлургия зауытының аумағында радиоактивтік қалдықтарды көму пункттерін консервациялау жөнiндегi ғылыми негiзделген практикалық iс-шаралар әзiрленетiн, оның ластанған ғимараттарын активсiздендiру жөнiндегi шаралар белгiленетiн болады;" деген сөздер алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі